# Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қаңтардағы N 20-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 ақпанда N 2572 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы мәслихатының 2014 жылғы 26 қарашадағы N 31-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы мәслихатының 26.11.2014 N 31-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі басқару және жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса берілген Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. "Ақжар ауданының жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 27 маусымдағы № 32-3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-4-125 2011 жылғы 18 шілдедегі тіркелген, және 2011 жылғы 6 тамызда "Дала дидары" газетінде жарияланған), "Ақжар ауданының жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы " Ақжар аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 27 маусымдағы № 32-3 шешіміне толықтыру енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 тамыздағы № 5-3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1821 2012 жылғы 6 қыркүйектегі тіркелген және 2012 жылғы 15 қыркүйекте "Дала дидары" газетінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында алғаш ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

| | |
|---|---|
| *Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихат сессиясының төрағасы* | *Д. Кудъяров* |
| *Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаттың хатшысы "КЕЛІСІЛДІ"* | *М. Жұмабаев* |
| *Солтүстік Қазақстан облысының әкімі* | *С. Ескендіров* |
| | Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 20-1 шешімімен бекітілген |

## Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізімін анықтау және әлеуметтік көмек көрсету ретін анықтау, мөлшерін белгілеу Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар), "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқ ару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 2-3 тармағына сәйкес әзірленген және "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізімін анықтау және көлемдерін тағайындау, әлеуметтік көмек көрсету Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысы негізде және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізімін анықтау, мөлшерін белгілеу, әлеуметтік көмек көрсету тәртібін белгілейді.

## 1. Жалпы ережелер

2. Берілген Қағидаларда қолданылатын негізгі терминдер, түсініктер:

1) атаулы күндер – Қазақстан Республикасы тарихына ықпалын тигізген мәдени және рухани мағыналы, тарихи жалпы халықтық оқиға;

2) арнайы комиссия – қиын өмір жағдайы келуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер, тұлғалар (отбасы) өтініштері бойынша Солтүстік

Қазақстан облысы Ақжар аудан әкімі шешімімен құрылған комиссия;
3) ең төменгі күн көріс деңгейі – Солтүстік Қазақстан облысының статистика органдарымен есептелген, ең төменгі тұтынушылық қоржыны құнының көлемі бойынша тең, бір адамға қажетті ең төменгі қаржылық табыс;
4) мерекелік күндер – Қазақстан Республикасы ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;
5) отбасының (азаматтың) жан басына табысы – айына отбасының әр мүшесіне шаққанда отбасы табысына бүтіндей үлесі;
6) қиын өмір жағдайы – азаматтың өздігінен жеңе алмайтын, тіршілік әрекетін бұзатын шынайы жағдай;
7) өкілетті орган – "Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
8) өкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасы тұрғындарды әлеуметтік қорғау және зейнетақы мен жәрдемақы төлеу Министірлігінің Мемлекеттік орталығы";
9) учаскелік комиссия әлеуметтік көмекке жүгінген, тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізіп қорытынды дайындауға арналған Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, ауылдық округтер әкімдерінің шешімімен құрылған комиссия;
10) шекті көлемі – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары көлемі.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы әкімдігі арқылы берілетін мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбелері, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі жергілікті өкілетті органдардың ұсынуы бойынша Қағидаларын 1-қосымшасына сәйкес белгіленген.

6. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі бекітетін, ережелер негізінде учаскелік немесе арнайы комиссиялар өз әрекеттерін жүзеге асырады.

7. Берілген Қағидалары Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының аумағында тұрақты тұратын тұлғаларға таралады.

## 2. Әлеуметтік көмек көлемін тағайындау және әлеуметтік көмек алушылардың жекелеген санаттар тізімінің реті

8. Жанбасына шаққанда орта табысы 1,5 ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын Солтүстік Қазақстан облысы Аққжар ауданы аумағында тұратын табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қиын өмір жағдайы туған азаматтарға әлеуметтік көмек, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қиын өмір жағдайы туған күннен 6 ай ағымында бір жолғы 60 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін түпкілікті тізбе:

1) жетімдік;

2) ата-ана қамқорлығының болмауы;

3) кәмелетке толмағандардың бақылаусыздығы, сонымен қатар девиантты мінез-құлық;

4) туғаннан үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық дамуының мүмкіндіктерін шектеу;

5) физикалық және ойлау қабілеті мүмкіншіліктерімен байланысты дене мүшелерінің функцияларының зақымдалуы;

6) әлеуметтік маңызы бар аурулар мен қоршаған ортаға қауыпты аурулардың салдарынан тіршілік әрекеттерінің шектелуі;

7) мүгедектіліктің, өткерген аурудың себептері мен қарт жаста болуы салдарынан өзіне-өзі қызмет етуге қабілетсіздік;

8) әлеуметтік дезадаптация мен әлеуметтік депривацияға әкелген қатал әрекеттер;

9) баспанасыздық (тұрғылықты мекен жайы жоқ адамдар);

10) бас бостандығынан айыру орталықтарынан босатылу;

11) пробация қызметінің қылмыстық-атқару инспекциясында тіркеуде тұру;

12) өрт немесе стихиялық зала кесірінен азаматқа (отбасына) немесе оның мүлігіне зиян келтіру немесе әлеуметтік-мәнді аурудың болуы;

13) жан басына шаққанда ең төменгі күн көріс деңгейі есесінен аспайтын болуы;

14) Солтүстік Қазақстан облысы Аққжар ауданы аумағында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасылардан, Солтүстік Қазақстан облысының жоғарғы оқу орындарында оқитын азаматтар;

15) Солтүстік Қазақстан облысы Аққжар ауданы аумағында тұратын Ұлы Отан Соғысының ардагерлері мен мүгедектері және ардагерлер мен мүгедектерге жеңілдіктер мен кепілдеме негізінде теңестірілгендер Қазақстан

Республикасындағы шипажайлар мен профилакторияда шипажайлы-курорттық емделуге мұқтаж болу.

Әлеуметтік көмек Қағидалардың 08 тармағының 14)-15) тармақшалары негізінде жыл сайын көрсетілу қарастырылған, ал Қағидалардың 08 тармағының 1)-13) тармақшалары негізінде жоғарыда аталған әлеуметтік көмек біржолғы көрсетілуі қарастырылған.

Арнайы комиссия мұқтаж әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыны жасаған кезде жеке санаттарындағы азаматтарға қосуға арналған тізімі негізін басшылыққа алады.

9. Жекелеп алынған санаттағы алымшыларға атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек көлемі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігімен келісілген біріңғай мөлшерде тағайындалады.

10. Әр бөлек жағдайда әлеуметтік көмек көрсету мөлшерін арнайы комиссия тағайындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету туралы қорытындыда көрсетеді.

## 3. Әлеуметтік көмек көрсету реті

11. Алушылардың өтініштерін сұратып алусыз өкілетті ұйымдардың ұсынып, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігі бекіткен тізім бойынша атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек көрсетіледі.

12. Қиын өмір жағдайы болған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өз атынан немесе отбасы атынан өкілетті органға немесе селолық ( ауылдық) округ әкіміне келесі құжаттардың қосымшасымен өтініш береді:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

3) осы Қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

13. Құжаттар көшірмеде және түпнұсқада салыстыру үшін беріледі, кейін түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

14. Қиын өмір жағдайы келген кездегі әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш түскенде өкілетті орган немесе әкім бір жұмыс күні ішінде тұлғаның (отбасының ) материалдық жағдайын тексеруге учаскелік комиссияға өтініш берушінің құжаттарын жібереді.

15. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні

ішінде тексеріс жасап, тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт құрады, соның нәтижесі бойынша берілген Қағидаларының 3, 4-қосымшаларға сәйкес форма бойынша әлеуметтік көмекке тұлғаның (отбасының) мұқтаждығы туралы қорытынды жасайды және өкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауылдық округ әкімі учаскелік комиссиядан акт пен қорытындыны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қосымша құжаттармен қоса өкілетті органға жібереді.

16. Егер әлеуметтік көмек көрсетуге құжаттар жетіспеген жағдайда, өкілетті орган сәйкес органдардан әлеуметтік көмек көрсетуге қажетті құжаттар мен мәліметтерге сұраныс береді.

17. Егер өтініш беруші қажетті құжаттардың бүліну, жоғалуына сәйкес ұсына алмаса, өкілетті орган сәйкес мәліметтері бар басқа ұйымдар мен өкілетті органдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек көрсетуге шешім қабылдайды.

18. Өкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе селолық округ әкімінен құжаттардың түскен күнінен бастап, бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұлғаның (отбасының) жан басындағы табыс есебін жүргізеді және арнайы комиссия қарауына толық құжаттар пакетін ұсынады.

19. Арнайы комиссия құжаттар түскен күннен бастап, екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету туралы тұжырымдама шығарады, жағымды тұжырымдама болған жағдайда әлеуметтік көмек көлемін көрсетеді.

20. Өкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмекке құжаттарын тіркеу күнінен бастап, сегіз жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы арнайы комиссия тұжырымдамасы және қабылданған құжаттар негізінде әлеуметтік көмек көрсету немесе қайтару туралы шешім қабылдайды.

Берілген Қағидаларының 16 және 17-тармағында көрсетілген жағдайларында, өкілетті орган ауылдық әкім немесе өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсетуге немесе қайтаруға шешім қабылдайды.

21. Өкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылдаған шешім жайлы (қайтарған жағдайда –негізін көрсетумен) өтініш берушіге жазбаша хабарлайды.

22. Бір күнтізбелік жыл ішінде тағайындау негіз бойынша бір әлеуметтік көмек көрсетілмейді.

23. Әлеуметтік көмек көрсету қайтарылады егер:

1) Өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дұрыс еместігін айқындау;

2) Тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайына тексеріс жүргізуден өтініш беруші бұлтарса, бас тартса;

3) Әлеуметтік көмек көрсетуге Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық маслихатымен белгілеген деңгейден тұлғаның (отбасының) жан басындағы табысы асса;

24. Әлеуметтік көмек көрсету қаржылық шығындары ағымдағы қаржылық жылға аудан бюджеті қарастырылу шегінде жүзеге асырылады.

## 4. Ұсынылатын әлеуметтік көмекті қайтару және тоқтатуына негіздеме

25. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тиісті Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

26. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

## 5. Қорытынды ереже

27. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган " Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

| | |
|---|---|
| | Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаттың әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларына<br>1-қосымша |

## Атаулы күндер мен мереке күндеріне алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің бірыңғай мөлшері

| р/с № | Алушылар санаттары | Әлеуметтік көмек мөлшері (айлық есептік көрсеткіш), Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі |
|---|---|---|
| 15 ақпан – Ауған аумағынан әскерді шығару күні | | |
| 1 | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер. | 15 Жыл сайын |
| 2 | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер. | 15 Жыл сайын |
| 3 | Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер. | 15 Жыл сайын |
| 4 | Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы. | 15 Жыл сайын |
| 5 | 1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер. | 15 Жыл сайын |
| | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбеген | 15 Жыл |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | жұмысшылары мен қызметшілері. | сайын |
| 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні | | |
| 7 | "Алтын алқа", "Күміс алқа" салпыншақтары, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапаталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар. | 5 Жыл сайын |
| 26 сәуір - Чернобыль атом электро стансасындағы апатты еске алу күні | | |
| 8 | 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электро стансасындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар. | 15 Жыл сайын |
| 9 | Чернобыль атом электро стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары. | 15 Жыл сайын |
| 10 | Чернобыль атом электро стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы. | 15 Жыл сайын |
| 11 | Чернобыль атом электро стансасындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы. | 15 Жыл сайын |
| 12 | 1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электро стансасындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда | 15 Жыл сайын |
| 9 мамыр - Жеңіс күні | | |
| 13 | Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен мүгедектері. | 50 Жыл сайын |
| 14 | Қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары. | 5 Жыл сайын |
| | Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз | |

| | | |
|---|---|---|
| 15 | Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелеген қалаларда болған адамдар. | 5 Жыл сайын |
| 16 | Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар. | 5 Жыл сайын |
| 17 | Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар. | 5 Жыл сайын |
| 18 | Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері. | 5 Жыл сайын |
| 19 | Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар. | 5 Жыл сайын |
| 20 | Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары. | 5 Жыл сайын |
| 21 | Әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар | 5 Жыл сайын |
| 22 | 1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин Кеңестік Социалистік Республикасы, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруға кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар. | 5 Жыл сайын |
| | Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан | 5 Жыл |

| | | |
|---|---|---|
| 23 | қызметкерлердің отбасы. | сайын |
| 24 | Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері). | 5 Жыл сайын |
| 25 | Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар. | 5 Жыл сайын |
| 7 мамыр - Отанды қорғау күні | | |
| 26 | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы. | 5 Жыл сайын |
| 27 | Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы. | 5 Жыл сайын |
| 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні | | |
| 28 | Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси құғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар | 1 5 Жыл сайын |
| 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күні | | |
| 29 | Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданның) құрметті азаматтары. | 1 0 Жыл сайын |

| | |
|---|---|
| | Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаттың әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларына 2-қосымша |

Отбасының тіркеу нөмірі ________________________

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

__________________________ __________________________
(өтініш берушінің аты-жөні) (үйінің мекен-жайы, тел.)

| № т/т | Отбасы мүшелерінің аты-жөні | Өтініш берушіге туыстық қатынасы | Туған жылы |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Өтініш берушінің қолы ____________________ Күні ______________

Отбасы құрамы туралы мәліметтерді куәландыратын органы лауазымдық тұлғаның аты-жөні ______________________

(қолы)

| | |
|---|---|
| | Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаттың әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларына<br>3 қосымша |

Өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ

"___" ________ 20___ж.

______________________
(елді мекен)

1. Өтініш берушінің аты-жөні_____________________________________
2. Тұрғылықты мекен-жайы ________________________________________
_______________________________________________________________

3. Әлеуметтік көмекке жүгінген өтініш берушінің қиын өмір жағдайының қайсысы келгенге байланысты _________________________________________ _____ ________________________________________________________________________

4. Отбасы құрамы (нақты отбасында тұратындар сандары) ________ адам, с о н ы ң і ш і н д е :

| № т/т | Аты-жөні | Туған жылы | Өтініш берушіге туыстық қатынасы | Жұмыс басты-лығы (жұмыс орны, оқуы) | Жұмыс-сыздық себебі | Қоғамдық жұмыстарға, кәсіби дайындығына (қайта дайындау, біліктілі-гін арттыру) немесе жұмыспен қамту шараларына белсенді қатысуы туралы мәліметтер | Қиын өмір жағдайы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

Барлық жұмыспен қамтылғандар _________ адам.
Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендер _______ адам .
Б а л а л а р с а н ы : _ _ _ _ _ _
ақылы негізде жоғары және орта оқу мекемелерінде оқитындар _______ адам, жылғы оқу бағасы ________ теңге.
Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылар, Ұлы Отан соғысы мүгедектері , Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілеген, зейнеткерлер, 80 жастан асқан қарт тұлғалар, әлеуметтік мәнді аурумен ауыратындар (жаман жақты жаңа өсу, түберкүлез, адамның имундық тапшылығы), мүгедектер, мүгедек-балалардың болуы (басқа санатты көрсету немесе қосу) ________________________________________________ ______________________________________________________________

5. Тұрмыс жағдайы (жатақхана, жалдамалы, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғындық кооператив, жеке тұрғын үй немесе басқасын көрсету): ____________________________________________________________ _ _ _ _ _ _ _
Тұрғын үйді ұстаудағы шығындар: _________________________________________________________________ __ ____________________________________________________________________ _
О т б а с ы т а б ы с ы :

| | | | Өткен тоқсандағы табыс сомасы | |
|---|---|---|---|---|

| № т/т | Табысы бар отбасы мүшелерінің аты-жөні (с.б. өтініші берушінің) | Табыс түрі | (теңге) | | Жеке қосымша шаруашылықтың (аулалық учаске, мал мен құс), дача және жер уческелері дачном и земельном участке (жер үлестері) туралы мағлұматтар |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тоқсанға | орта есеппен айына | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

6. Бар болуы:

автокөлік (маркасы, шыққан жылы, құқығынрастайтын құжат, оны пайдаланудан өтінілген табыстар)

___________________________________________

_ _

___________________________________________ басқа тұрғын үй, қазір тұрып жатқаннан басқа, (оны пайдаланудан өтінілген табыстар)

___________________________________________

_ _

___________________________________________

_ _

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (түрі, сомасы, қайнар көзі):

___________________________________________

_ _

___________________________________________

_ _

___________________________________________

_ _

___________________________________________

_ _

___________________________________________

_

8. Отбасының басқа табыстары (түрі, сомасы, қайнар көзі):

___________________________________________

_ _

___________________________________________

_ _

___________________________________________

__ ___________________________________________

_

9. Балалардың мектеп құралдарымен, киіммен, аяқ киіммен қамтылуы:

___________________________________________

_ _
10. Тұратың санитарлы-эпидемиологиялық жағдайлары:
______________________________________________________________________
_ _
Комиссия төрағасы:
____________________________ ________________________
Комиссия мүшелері:
____________________________ ________________________
____________________________ ________________________
____________________________ ________________________
____________________________ ________________________
(қолдары) (аты-жөні)
Құрылған актімен таныстым: _____________________________
Өтініш берушінің аты-жөні және қолы
Тексеріс жүргізуден бас тартамын _______________ өтініш берушінің аты-жөні және қолы (немесе отбасының басқа мүшесі), күні __________________
_ _ _
______________________________________________________________________
_ _
(өтініш берушінің тексеріс жүргізуден бас тарқан жағдайда толтырылады)

| | |
|---|---|
| | Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаттың әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларына<br>4-қосымша |

№ _________ учаскелік комиссия қорытындысы

__ _________ 20__ ж.

Учаскелік комиссия қиын өмір жағдайы келуіне байланысты әлеуметтік көмек сұрап жүгінген, тұлға (отбасы) құжаттарын және өтінішін қарап, жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтардың тізімін анықтау мен мөлшерін белгілеу, әлеуметтік көмек көрсету Қағидаларына сәйкес
______________________________________________________________________
_
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)
өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелері мен ұсынған құжаттар негізінде қорытынды жасайды

________________________________________________
(қажеттілігі, қажеттілігінің болмауы)

Қиын өмір жағдайы келгеннен бастап тұлғаға (отбасына) әлеуметтік көмек көрсету

Комиссия төрағасы:________________ __________________________

Комиссия мүшелері:______________________ __________________________

_________________________ ____________________________

_________________________ ____________________________

_________________________ ____________________________

(қолдары) (аты-жөні)

Қоса берілген құжаттармен ____ дана қабылданды "__"___________ 20__ ж. _________________________________________ құжатты қабылдаған өкілетті органның немесе ауылдық округ әкімінің, жұмысшының қолы, лауазымы, аты-жөні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК